

**Бүгін аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысы өтті.**

**Қатысқандар:** Аудандық мәслихаттың ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Ш.Ибрагимов, тұрақты комиссия төрағасының орынбасары М.Мамбетов, депутат М.Асилов,

**Төрағалық етуші депутат Ш.Ибрагимов.**

**Шақыртумен қатысқандар:** Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Н.Кукеев, Жібек жолы ауылдық округінің әкімі А.Сейтжаппаров, аудан әкімі аппаратының заң бөлімшесінің басшысы А.Сарсенбеков.

**Күн тәртібі**

1. Қабланбек ауылдық округі, Тыңтөбе ауылы, Ырысты көшесі №12 үй тұрғыны Ибрагимов Дүйсебек Икрамовичтің жер учаскесін мемлекеттік мұқтажы үшін иеліктен шығарылған жерінің орнына маңызы бірдей жер беруге байланысты арызын қарау туралы.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тұрақты комиссия қаулы етті:**

1. Жібек жолы ауылдық округі әкімінің 19.03.2020 жылғы №23 шешімі негізінде берілген жер телімі мәселесі бойынша қосымшаға сәйкес жұмысшы топ құрылып, анықтау жұмыстары жүргізілсін. Жұмысшы топтың құрамына VII-шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары, ауданның жер қатынастары бөлімі, аудан әкімі аппаратының заң бөлімшесі, ауданның санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Төтенше жағдайлар бөлімі, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі, Жібек жолы ауылдық округінің әкімшілігі, Жібек жолы бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы енгізілді (келісім бойынша).
2. Жұмысшы топтың зерделеу барысында, арызда көрсетілген мәселелер дәлелін тапқан жағдайда, жұмысшы топтың актісі Жібек жолы ауылдық округінің әкіміне ауданның жер комиссияның 20.09.2021 жылғы №15-15 қорытындысында көрсетілген жер телімін арыз иесінің жеке меншігіне беру туралы тиісті шешімді Заң аясында қабылдау үшін тапсырылды.